Біздің табысымыз сондай-ақ 2017 жылы АХҚО-ның құқықтық жағдайын дамытып, нығайтқан АХҚО соты, Халықаралық төрелік орталығы (ХТО), Құқықтық консультативтік кеңес сияқты көптеген командалардың күрделі, тиімді жұмыстары және аса жоғары біліктіліктерінен де көрінеді.

Оқырмандарымыз үшін осы баяндаманы дайындаған барлық авторларға алғыс білдіреміз. Біз авторлардан бастап пікір рецензенттерге дейін осы жыл сайынғы есепке барынша қолдау көрсетеді деп үміттенеміз.

Құрметпен,
Қайрат Келімбетов
АХҚО-ның Басқарушысы



II. «Астана» (АХҚО) халықаралық қаржы орталығы туралы

«Астана» халықаралық қаржы орталығы (бұдан әрі – Орталық) – Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын дәл белгіленген шекарасы бар, қаржы саласындағы ерекше құқықтық режим қолданылатын Астана қаласының шегіндегі аумақ

Ерекше құқықтық режим тәуелсіз халықаралық қаржы орталығының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған коммерциялық құқықтың еркін қолданыста болатын жүйесін білдіреді. Осы коммерциялық құқықтық жүйені құруға өкілеттіктер Қазақстан Республикасының Конституциясынан және Конституциялық заңнан шығады.

1. АХҚО-ны басқару

АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес

АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес АХҚО-ның ең жоғары органы. Оның негізгі міндеттері АХҚО дамуының стратегиялық бағыттарын айқындау және жетекші халықаралық қаржылық қызметтер көрсету орталығын қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға жәрдемдесу болып табылады.

АХҚО әкімшілігі

АХҚО әкімшілігі 2015 жылғы 28 желтоқсанда құрылған. Қазақстанның Ұлттық Банкі АХҚО әкімшілігінің негізін қалаушы және жалғыз акционері.

АХҚО әкімшілігінің негізгі қызметі дамудың жалпы стратегиясын әзірлеуді, АХҚО-ны әлемдік нарықтарда ілгерілетуді, АХҚО әлеуетті қатысушыларын тартуды және АХҚО-ны басқару үшін қаржы орталықтарында жұмыс тәжірибесі бар шетелдік сарапшыларды тартуды қамтиды, бірақ қызметі осылармен ғана шектелмейді.

АХҚО-ның соты

АХҚО-ның соты өз қызметінде тәуелсіз және Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кірмейді. АХҚО сотының мақсаты оның мақсаты тараптардың

құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау, Орталықтың қолданыстағы құқығының орындалуын қамтамасыз ету болады.

АХҚО соты қылмыстық және әкімшілік сот ісін жүргізуді жүзеге асырмайды және мыналарға: Орталық қатысушыларының, Орталық органдарының және (немесе) олардың шетелдік жұмыскерлерінің арасында туындайтын дауларды қарау мен шешуге; Орталықта жүзеге асырылған және Орталықтың құқығына бағынысты кез келген операцияға қатысты дауларды қарау мен шешуге; тараптардың келісімі бойынша Орталықтың сотына берілген дауларды қарау мен шешуге қатысты айрықша юрисдикцияға ие болады.

Халықаралық төрелік орталығы (ХТО)

Тараптар ХТО-дағы төрелікке, медиацияға және дауларды баламалы жолмен шешуге қол жеткізе алады. ХТО төрешілерді және тараптардың дауларын шешуде көмек көрсету үшін қолданылатын рәсімдерді тағайындауға қатысты тараптарға құпиялылық пен жіті бақылауды қамтамасыз етеді. ХТО шешімдері Қазақстан Республикасы мен одан тыс жерлерде мойындалатын және орындалатын болады.

Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитет

Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті қаржылық қызметтер көрсетуді реттеуді және АХҚО-лағы олармен байланысты қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады.

Комитет Конституциялық заңмен және қолданылатын құқықпен айқындаған құзыреттіліктердің шектеулері шегінде АХҚО-ның басқа органдарынан, мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, атқарушы органдардың қызметкерлерінен және өзге де тұлғалардан тәуелсіз және АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес пен АХҚО Басқарушысына ғана есеп береді.

АХҚО-ның Құқықтық консультативтік кеңесі (ҚКК)

ҚКК ең үздік халықаралық практикалар мен стандарттарға сәйкес АХҚО-ның нормативтік және реттегіштік базасын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында құрылды.

ҚКК міндеттеріне АХҚО-ның Жалпы қолданылатын актілерін, АХҚО-ның Жалпы қолданылатын актілерін дамыту стратегиясын, АХҚО-ның тиісті актілерін әзірлеудің әдіснамасы мен кезеңдерін айқындау, сондай-ақ АХҚО-ның бір немесе одан да көп органдары ұсынған АХҚО-ның әрбір актісін алдын ала мақұлдау жатады. Бұған қоса ҚКК қажеттілігіне қарай АХҚО-ның заңнамасын қайта қарайды.

III. АХҚО-НЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ҚҰҚЫҒЫ


Орталықтың қолданыстағы құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және мыналардан:

1) Конституциялық заңнан; және

2) осы Конституциялық заңмен берілген өкілеттіктер шегінде АХҚО-ның органдары қабылдайтын, Англия және Уэльс құқығының қағидаттарына, нормалары мен прецеденттеріне және әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына негізделуі мүмкін АХҚО-ның Конституциялық заңға қайшы келмейтін актілерінен;

3) Конституциялық заңмен және АХҚО-ның актілерімен реттелмеген бөлігінде қолданылатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығынан тұрады.

Құрылым:




III. АХҚО-ның Жалпы қолданылатын актілері

АХҚО-ның Жалпы қолданылатын актілерінің моделі Hogan Lovells International ұсыныстары негізінде әзірленіп, бекітілді. Ұсыныстар жалпы құқықтың төрт юрисдикциясы – Дубай халықаралық қаржы орталығы, Әбу-Даби Жақандық нарығы, Катар Қаржы орталығы, сондай-ақ Ұлыбританияның құқықтық жүйелерін салыстырмалы талдауға негізделді. АХҚО-ның қолданыстағы құқығы Англия және Уэльс құқығының қағидаттарына және ықшам әрі заманауи актілерді білдіретін әлемнің жетекші қаржы орталықтарының жоғары стандарттарына негізделіп, арнайы бейімделген құқық болып табылады. Бұл актілер АХҚО-да қатар әзірленген қаржылық қызметтерді реттеу жүйесіне сай келеді.

АХҚО-ның Қолданыстағы құқығында Актілерді дамыту үшін қабылданған және қолданыстағы коммерциялық құқықтық жүйенің жұмыс істеуі үшін қажетті негізге алынатын Актілер мен Қағидалар кездеседі. Жалпы қолданылатын актілер АХҚО қатысушыларының коммерциялық қызметіне арналған негізді, сондай-ақ қаржылық қызметтерді реттеуге арналған егжей-тегжейлі құрылымды қамтамасыз етеді.



АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесінің 1-ші отырысы, бас қосуда Модель мақұлданды. Лондон, 2017 жылғы мамыр.



АХҚО жалпы құқыққа негізделген, АХҚО мен үшінші тараптар арасындағы құқықтық қатынастарды реттейтін және қаржы нарығын дамытуды көздейтін құқықтық режим түрінде жұмыс істейді

Бірлесіп АХҚО-ның Жалпы қолданылатын актілерін құрайтын қабылданған Актілер мен Қағидаларды үш топқа бөлуге болады:

- а) Компанияның екі түріне арналған екі актіні және серіктестіктің үш түріне арналған тағы үш актіні, сондай-ақ АХҚО-ның соты туралы актіні, Төрелік туралы актіні және қаржылық қызметтерді реттеу жүйесі туралы актіні қоса алғанда құрылымдық заңнама.
- б) Келісімшарттарды (келісімшарттардың әділетсіз талаптары туралы ережелердің арнайы жинағымен бірге), міндеттемелерді, жеке меншікті, кепілдікті, залалдарды өтеуді қоса алғанда негізгі коммерциялық құқық бойынша заңнама.
- в) (i) еңбек қатынастары және деректерді қорғау туралы актілер сияқты жалпы шараларды және (ii) реттегіштік қағидалармен емес, жалпы қолдану шеңберінде қарауды талап ететін қолдаудың нақты шараларын қоса алғанда АХҚО-да қаржылық операцияларды жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі заңнама. Бұл кіші топтың мысалдарына неттинг және түпкілікті есептеулердің төлем жүйелері туралы актілерді жатқызуға болады.

1. АХҚО-ның Жалпы қолданылатын актілері

1. Келісімшарттар туралы АХҚО-ның актісі, 2017
2. Еңбек қатынастары туралы АХҚО-ның актісі, 2017
3. Компаниялар туралы АХҚО-ның актісі, 2017
4. АХҚО-ның актілері жөніндегі АХҚО-ның актісі, 2017
5. АХҚО-ның соты туралы АХҚО-ның актісі, 2017
6. АХҚО-ның төрелігі туралы АХҚО-ның актісі, 2017
7. Жалпы серіктестік туралы АХҚО-ның актісі, 2017
8. Келісімшарттарда көзделетін талаптар мен әділетсіз талаптар туралы АХҚО-ның актісі, 2017
9. Кепілдік туралы АХҚО-ның актісі, 2017
10. Неттинг туралы АХҚО-ның актісі, 2017
11. Түпкілікті есептеулердің төлем жүйесі туралы АХҚО-ның актісі, 2017
12. Дербес деректерді қорғау туралы АХҚО-ның актісі, 2017
13. Коммерциялық емес ұйымдар туралы АХҚО-ның актісі, 2017
14. Шектеулі серіктестік туралы АХҚО-ның актісі, 2017
15. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік туралы АХҚО-ның актісі, 2017
16. Банкроттық туралы АХҚО-ның актісі, 2017
17. Жеке меншік туралы АХҚО-ның актісі, 2017
18. Міндеттемелер туралы АХҚО-ның актісі, 2017
19. Залалдарды өтеу туралы АХҚО-ның актісі, 2017
20. Ортақ серіктестік туралы қағидалар, 2017
21. Материалсыздандырылған инвестициялар туралы қағидалар, 2017
22. Арнайы мақсаттағы компаниялар туралы қағидалар, 2017
23. Коммерциялық емес ұйымдар туралы қағидалар, 2017
24. Банкроттық туралы қағидалар, 2017
25. Компаниялар туралы қағидалар, 2017
26. Шектеулі серіктестік туралы қағидалар, 2017
27. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік туралы қағидалар, 2017
28. АХҚО сотының қағидалары, 2017
29. Төрелік қағидалары, 2017
30. Дербес деректерді қорғау қағидалар, 2018

Бұл актілердің жобаларын:

- АХҚО әкімшілігінің тартылған сарапшысы Джон Лихи;
- АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесі;
- АХҚО әкімшілігі Басқармасы қарап, мақұлдады.

АХҚО актілері Англия мен Уэльстің іс жүргізу қағидаттары және прецеденттеріне, сондай-ақ әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына негізделген



2. Негізгі Актілер бойынша қысқаша шолу:

А. АХҚО-ның актілері жөніндегі АХҚО актісі

Бұл Акт Hogan Lovells International ұсынымдарына негізделген. Конституциялық заңның 4-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы Конституциялық заң мен АХҚО-ның актілері реттемеген бөлікте қолданылады.

Конституциялық заңның 4-бабы 2-тармағына сәйкес келесі ережелер қосылды:

- АХҚО актілерінің иерархиясы;
- АХҚО актілерін әзірлеу, бекіту және қабылдау рәсімдері;
- АХҚО актілерін қабылдау және тіркеу рәсімдері;
- АХҚО актілерін жариялау.

В. Компаниялар туралы АХҚО-ның актісі

Осы Акт Hogan Lovells International ұсынған «АХҚО Актілерінің моделі: салыстырмалы талдауы» бойынша Құқықтық консультативтік кеңестің 2017 жылғы 5 мамырдағы шешіміне негізделген.

Осы Акт Экономикалық достастық және даму ұйымы және Қаржылық іс-шаралар жөніндегі нысаналы топ сияқты халықаралық стандарттарды белгілейтін органдардың ақшаны жылыстатуға қатысты белгілеген

стандарттарын қарастырады, өйткені олардың АХҚО-ға қатысы бар немесе АХҚО-дағы компанияларға ықпал етеді.

Төменде көрсетілген нормалар да Актіге енгізілді:

- компаниялардың жіктемесі;
- директорлардың міндеттерін арттыру;
- бірігу және ережелерді ретке келтіру сызбалары;
- бухгалтерлік есебі мен аудитіне қойылатын талаптарды жақсарту;
- компания Тіркеушісінің өкілеттіктерін жетілдіру;
- компанияның бенефициарлық меншігін анықтау;
- корпоративтік ақпарат берушіні қорғау;
- өзге де жақсартулар.

Компаниялар туралы АХҚО актісі компанияларды қалыптастыруды, корпоративтік әлеует, өкілеттіктер және АХҚО органдарын қорғау құралдарын реттейтін жалпы қағидаттарды белгілейді. АХҚО Актісіне сәйкес компаниялар туралы негізгі салаларға:

- Компания Тіркеушісін тағайындау және оның рөлі;
- компанияны құру және тіркеу;
- заңды тұлғаның құқық субъектісі және операциялар;
- акциялардың белгілі бір класымен байланысты құқық;
- жеке компаниялар мен мемлекеттік компаниялар арасындағы бөлініс;
- компания түрінің ауысуы;
- тұтастай алғанда акционерлер мен акциялар;
- жеке компаниялардың бағалы акцияларды жария шығаруына тыйым салу;
- акционерлер мен облигациялар иелерінің тізілімдері және акциялардың сертификаттары;
- акцияларды өтеп алу және сату;
- капиталды қысқарту;
- төлемдер;
- директорлар мен хатшылық;
- отырыстар;
- қосып алу кезінде миноритарлық акционерлерді қорғау;
- бірігуге қолданылатын талаптар;
- бірігу кезіндегі кредиторлар;
- бірігуді аяқтау және бұзушылықтар;
- ымыра және уағдаласушылықтар;
- есептілік, есептер және аудит;
- аккредиттелген компаниялар;
- инкорпорациялардың трансфері;

- құқықтық қорғаудың өкілеттіктері мен құралдары;
- Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеттің өкілеттіктері мен функциялары;
- Компания Тіркеушісінің өкілеттіктері мен функциялары жатады.

Компаниялар туралы АХҚО актісі Конституциялық заңның 3-бабы 1-тармағына сәйкес қабылданды, оған сәйкес заңды тұлғаларға қойылатын талаптар және АХҚО қатысушылары ретінде тану тәртібі, АХҚО-да орындауға рұқсат берілген қызмет түрлері, лицензиялау рәсімі және АХҚО қатысушыларына қойылатын талаптар, сондай-ақ АХҚО аумағында заңды тұлғаларды құру және тіркеу тәртібі және олардың ұйымдық құқықтық нысандары АХҚО-ның Актілерімен айқындалады.

Бұдан басқа, Конституциялық заңда АХҚО-да компания құруға, аккредиттеу компаниясын тіркеуге немесе өзге де тәсілмен компанияға үлес қосуға ниетті әрбір тұлғаға қойылатын талаптар мен міндеттемелер қарастырылған. Бұдан басқа, Конституциялық заң АХҚО Актілеріне компанияны құру процесі және қызметімен тығыз байланысты барлық міндетті рәсімдерді енгізуге өкілеттіктер береді.

С. Келісімшарттар туралы АХҚО-ның актісі

Осы Акт Hogan Lovells International ұсынған «АХҚО Актілерінің моделі: салыстырмалы талдауы» бойынша Құқықтық консультативтік кеңестің 2017 жылғы 5 мамырдағы шешіміне негізделген.

Келісімшарттар туралы АХҚО-ның актісі АХҚО-дағы күнделікті қызмет барысында коммерциялық мәмілелерді регламенттейтін жалпы қағидаттарды белгілейді. Жалпы қағидаттардан бөлек Келісімшарттар туралы Актінің ережелері АХҚО қатысушылары мен органдары арасындағы құқықтар мен міндеттерді реттейді. Келісімшарттар туралы осы Актіге сәйкес қамтылатын негізгі салаларға: жатады.

- Келісімшарттар жасау (ұсыныс, қабылдау, ниет);
- Жарамсыздық факторлары (қате, адасу, алаяқтық және т.б.);
- Келісімшарттар мазмұнын түсіндіру;
- Орындау және орындамау (уақыт, орын, төлем);
- Мақсаты;
- Тоқтатылуы (орындау туралы келісім, бұзушылық, фрустрация);
- Үшінші тұлғалардың құқығы;
- Залал; сондай-ақ
- Жасау.

4. АХҚО актілерін мақұлдау хронологиясы



ҚКК алғашқы отырысы
Лондон, 5 мамыр



ҚКК отырысы
Астана, 23 тамыз

IV. АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесі

Құқықтық консультативтік кеңес (бұдан әрі – ҚКК) Англия мен Уэльстің құқықтық нормаларын және үздік әлемдік практиканы енгізуді қамтамасыз ету мақсатында құрылған. ҚКК құрамына Baker McKenzie, Herbert Smith Freehills, Hogan Lovells, Michelmores, Norton Rose Fulbright, White & Case және 3 Verulam Buildings сияқты әлемдік заң фирмалары мен адвокаттық палаталардың өкілдері кіреді.



Қазақстан Республикасының Ұлыбритания Біріккен Корольдігі мен Солтүстік Ирландиядағы Елші мырза Ерлан Ыдырысов пен АХҚО Басқарушысы Доктор Қайрат Келімбетовтің қатысуымен өткен АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесінің 1-ші отырысы

Лондон, 2017 жылғы мамыр.



ҚКК-ның бірінші кезектегі міндеті АХҚО-ның Жалпы қолданылатын актілерін, стратегиялық тәсілдерді, Актілерді әзірлеу мен қарауды сүйемелдеу болып табылды. ҚКК АХҚО-ның Жалпы қолданылатын актілерін алдын ала мақұлдады, оларды кейіннен АХҚО-ның тиісті органдары қабылдады. Енді ҚКК аталған Құрылымның өзектілігі мен АХҚО бизнесін кеңейтуді қамтамасыз ету үшін оны дамытуға көшуі керек.

ҚКК АХҚО-ның бір немесе бірнеше органы дайындаған жобалардың негізінде көптеген АХҚО актілерін алдын ала мақұлдады. АХҚО актілерін ҚКК мақұлдағанға дейін олардың әрқайсысын жалпы құқық юрисдикцияларында құқықтық құжаттарды әзірлеуде 40 жылдық тәжірибесі бар австралиялық адвокат Джон Лихи қарап шықты.

1. Әлемдік деңгейдегі консультанттар

Өмірбаяндар



МАЙКЛ БЛЭР

ҚКК Төрағасы, 3 Verulam Buildings бас адвокаты

Майкл Блэр қаржылық қызметтер мен қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі маман. Оның іс-тәжірибесі негізінен консультативтік сипатта.

Бұрынғы тәжірибесі

Ол 1987-1997 жылдар аралығында бағалы қағаздар мен инвестициялар жөніндегі ізашар-органда заң блогының басшысы лауазымын атқарды, 1998-2000 жылдары Қаржылық қызметтер әкімшілігінің Бас заңгері (сол кезде) болды, кейін 2000 жылы 3 Verulam Buildings Chambers-ке қосылды. Әкімшілікке дейін ол 1982-1987 жылдар аралығында мемлекеттік қызметте мемлекеттік хатшы ретінде жұмыс істеп, Англия мен Уэльстегі қылмыстық және азаматтық істер бойынша құқықтық көмек көрсету жүйелеріне, сондай-ақ жоғары тұрған соттар мен заң саласына қатысты мәселелерге жауапты болды.

2002 жылы Дубай халықаралық қаржы орталығын құруға көмектесу үшін шақырылды және 2003 жылы Дубай Қаржылық қызметтерді көсетуді реттеу жөніндегі комитеті (ДҚҚКРК) Директорлар кеңесінің мүшесі атанды. Ол бірнеше жыл қатарынан ДХҚО Заңшығармашылық комитетіне төрағалық етті және 2013 жылы ДҚҚКРК Директорлар кеңесінің құрамынан кетсе де, аталған комитеттің мүшесі болып қалды.

Ол Гернси Қаржылық қызметтер комиссиясы тағайындаған Аға басшылар алқасының Президенті және Лондон металдар биржасының Тәртіптік кеңесінің Төрағасы. Ол 2008 жылы Inn of Court, the Middle Temple-де қазынашы, SWX Europe Ltd-тің (Лондондағы бұрынғы швейцариялық акциялар биржасы) төрағасы (2008-2009 жылдар) және Лондондағы Chicago Mercantile Exchange еншілес компаниясының Директорлар кеңесінің мүшесі (2013-2017 жылдар) болды.

КРИСТОФЕР КЭМПБЕЛ-ХОЛТ

АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесінің мүшесі, АХҚО соты мен АХҚО Халықаралық төрелік орталығының тіркеушісі



Кристофер Кемпбел-Холт Біріккен Корольдікте, АҚШ пен Орта Азияда жұмыс істеген халықаралық консультант болып табылады.

Бұрынғы тәжірибесі

Кристофер Кэмпбел-Холт бұрын Лондондағы Norton Rose Fulbright заң фирмасында және Covington & Burling LLP. американдық фирмасының стратегиялық серіктесі болған Таяу Шығыстағы өңірлік заң фирмасында жұмыс істеді. Ол халықаралық сауда құқығы және дауларды шешумен айналысты.

Кристофер Кэмпбел-Холт сондай-ақ халықаралық қаржы орталығының басқа коммерциялық сотының және дауларды шешу орталығының Тіркеушісі болды.

Ол сауда құқығы, дауларды халықаралық шешу, іскери этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бойынша дәрістер оқыды, оның коммерциялық құқық туралы, соның ішінде Gore-Browne on Companies-тегі (Jordans, 2007- 2010 ред.) дәрменсіздік туралы корпоративтік заңнама туралы жұмыстары көптеген заңгерлердің журналдарында кең жарияланды.

САЙМОН ФТ КОКС

АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесінің мүшесі, Norton Rose Fulbright LLP серіктесі



Саймон Кокстың британдық және халықаралық бағалы қағаздар (IPO және акциялар нарығы мен борыштық бағалы қағаздар жөніндегі басқа да мәселелерді қоса алғанда), бірігу мен қосып алулар және инвестициялық қорлардың жобаларымен жұмыс істеуде мол тәжірибеге ие. Оның жұмысының басым бөлігі шекаралас нарықтармен және табиғат ресурстары саласындағы жобалардағы бағалы қағаздармен, бірігулер мен қосып алулармен жұмыс істеумен байланысты.

Бұрынғы тәжірибесі

Ұзақ жылдар бойы ол алуан түрлі қазақстандық жобалармен жұмыс істеді. Ол ұдайы түрде корпоративтік қаржы және ТМД-мен байланысты мәселелер бойынша конференцияларда сөз

сөйлейді және лондондық шетелдік компаниялар, инвестициялық компаниялар, борыштық және арнайы бағалы қағаздар жөніндегі компаниялар және пайдалы қазбаларды өндіретін компаниялар тізімінің тарауына, қаржы қызметтерін басқару жөніндегі тізімге қосу бойынша ережелерге Жыл сайынғы практикалық басшылыққа өз үлесін қосып келеді.



ФРЭНСИС ФИТЦЖЕРБЕРТ-БРОКХОУЛС

АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесінің мүшесі,
White & Case серіктесі

Бұрынғы тәжірибесі

Фрэнсис Фитцжерберт-Брокхоулстың қаржы дағдарысы кезіндегі жұмысының негізгі түрі Қазақстан банктерін қайта құрылымдау туралы заң әзірлеген командаға басшылық жасау болды, бұл жұмыстың инновациялылағы «әлемдік қаржы дағдарысы салдарымен күрестегі қаржы қызметтері секторындағы клиенттерге көмек» үшін жоғары бағаланды (Financial Times). Заң бірқатар банктерді қайта құрылымдау үшін пайдаланылды, бұл банктерде осы қайта құрылымдау қаржы мекемесін ең алғашқы нақты «кепілді» қайта құрылымдау екені мойындалды.

Қазіргі қызметі

Қайта құрылымдау бойынша жобалардың кейбірі әлі де жалғасып жатса да, Фрэнсис Фитцжерберт-Брокхоулс қазіргі уақытта капитал нарықтарына қайтып оралды және өзінің мол тәжірибесін қысқамерзімді коммерциялық қағаздар, сондай-ақ активтер мен пассивтерді басқару бойынша бағдарламаларды қоса алғанда акциялар мен борыштық міндеттемелерді орналастыру мәселелері бойынша консультациялар беру үшін пайдалануда.

Ол өткізген мәмілелер Құрама Штаттардағы тіркелген және тіркелмеген борыштық міндеттемелер мен акцияларды және Орталық, Шығыс Еуропа мен Азия елдеріндегі эмитенттердің кейбір бірінші халықаралық ұсыныстарын қоса алғанда және АҚШ-тан тыс жерлердегі көптеген ұсыныстарын қамтиды.



ЭНДРЮ ОЛДЛЭНД

АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесінің мүшесі,
Michelmores аға серіктесі

Эндрю Олдлэнд 2016 жылы АХҚО, ЕҚҚДБ және City UK арасындағы келісім туралы меморандум шеңберінде құрылған алғашқы жоба мүшелерінің бірі болды.

Сараптама саласы

Эндрю Олдлэнд қаржылық реттеу және қаржылық қылмыстарға, соның ішінде сыбайлас жемқорлықпен, ақшаны жылыстатумен күресуге, нарықтағы қиянатшылықтар және Компаниялар туралы Біріккен Корольдіктің Актісіне сәйкес қылмыстармен күресуге маманданған. Оның жұмысының бір бағыты FinTech өнімдер жөнінде консультациялар беру бойынша кешенді ұсынымдарды қамтиды.

Эндрю тәжірибелі адвокат және бұрын Ұлы Мәртебелінің Басқармасында мемлекеттік кірістер мен кеден істері бойынша адвокат, сондай-ақ Бас прокурор мен Алаяқтықтың өрескел оқиғаларымен күрес басқармасы адвокаттары «А» тізімінің мүшесі болды. Ол 2011 жылы Корольдік адвокат болып тағайындалды және жарты жұмыс күні қылмыстық және азаматтық істерді қарау үшін отырыстарға қатысатын судьяның (рекордер) қызметін қоса атқарады. Ол Лондон экономика мектебінде «Экономиканы» оқыды және Сити Университетінің құқық саласындағы дипломға ие.



РОЙ ПИРС

АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесінің мүшесі,
Baker & McKenzie серіктесі

Рой Пирс АХҚО Құқықтық консультативтік кеңестің мүшесі және Baker & McKenzie LLP серіктесі болып табылады. Рой Лондонда шоғырланған капитал нарықтар бойынша Baker McKenzie тобының мүшесі. Ол 1996 жылы Baker McKenzie-ге қосылды және фирманың Алматы, Мәскеу және Лондондағы кеңселерінде жұмыс істеді.

Қызмет саласы

Ол инвестициялық банктер мен эмитенттерге борыштық және акционерлік капиталдар нарықтарымен мәселелер және бағалы қағаздарды дамушы нарықтарда орналастыруға назар аудара отырып борыштарды қайта құрылымдау жөнінде консультациялар береді. Ол сондай-ақ трансшекаралық бірігу мен қосып алулар, ең негізінен тау-кен өндіру, мұнай және энергетика салаларындағы бірлескен кәсіпорындар мен инвестициялар бойынша бірқатар жобаларға қатысты консультациялар берді.

**ЭНДРЮ РОБЕРТС**

АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесінің мүшесі,
Herbert Smith Freehills серіктесі

Айтарлықтай халықаралық тәжірибесі бар Эндрю Робертс өз клиенттеріне көптеген ірі қаржы орталықтарындағы және көптеген дамушы нарықтардағы капитал нарықтарының мәмілелерінде консультациялар берді. Ол сондай-ақ исламдық қаржыға маманданған. 2018 жылдан бастап ҚКК мүшесі.

Қызмет саласы

Ол халықаралық капитал нарықтарында 30 жылдан астам жұмыс тәжірибесіне ие. Оның практикасы инвестициялық кластың облигацияларын, ортамерзімді және еуропалық коммерциялық векселдерді, егеменді және квази-егеменді шығарылымдарды, дамушы нарықтағы шығарылымдарды, реттегіштік капиталды, жауапкершілікті басқаруды, облигацияларды, акционерлік-шартты облигацияларды, құрылымданған облигацияларды, кірісі жоғары облигацияларды және «Сукукты» қоса алағанда борыштық капитал нарығы өнімдерінің барлық түрлерін қамтиды.

**МАЙКЛ ТОМАС**

АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесінің мүшесі,
Hogan Lovells International серіктесі

Қызмет саласы

Майкл Томас өз мансабында ұзақ жылдары бойы саналуан мәселелер бойынша қаржы мекемелерінің барлық түрлеріне консультациялар берді. Майкл Томастың негізгі практикасы көрсетілетін қаржы қызметтерін реттеу жөнінде ұсынымдар беру болып табылады.

Майкл фирмаларға олардың өз жұмыстарын бастаған сәттен олардың ағымдағы қызметіне дейін және корпоративтік транзакциялар немесе аутсорсинг туралы келісім сияқты негізгі жайттарға қатысты қаржы қызметтерін реттеуді қолдану мәселелері жөнінде кеңес береді. Реттеу бойынша ұсынымдарға қоса Майкл аутсорсинг пен өнім жеткізу туралы ірі келісімдер сияқты коммерциялық мәмілелер бойынша қаржы мекемелеріне консультациялар береді.

Ол проблемалық мәселелерді басқару және бақылау жүйелеріне айрықша назар аударады және фирмаларға реттегіштер оларды талаптарға сай келетіндей санауы үшін өздерінің басқару тетіктерін қалайша дұрыс құрылымдауды қайтіп қамтамасыз ету керектігін айқындауға көмектесе алады.



ДЭВИД СИМПСОН
ҚКК мүшесі (2017),
3 Verulam Buildings
Барристері

Дэвид 2017 жылғы қаңтар айында АХҚО-ның құқықтық консультативтік кеңесі құрылғаннан сәтінен мүшесі болды.

Сараптама саласы

Дэвид – Лондондағы 3 Verulam Buildings-те жұмыс істейтін ағылшын адвокаты. Ол банк, қаржы қызметтері, азаматтық алаяқтық, коммерциялық даулар және энергетика салаларындағы күрделі және қымбат сот процестеріне маманданған. Ол сондай-ақ, саясат, әсіресе, қаржылық қызметтерді реттеу саласындағы мәселелер бойынша нормашығармашылық, консультативтік жұмыстарда үлкен тәжірибеге ие. Дэвид Ұлыбританиядағы және де шетелдегі реттеуші органдармен, соның ішінде Ұлыбританияның Қаржы қызметін бақылау басқармасында, Ұлыбританиядағы Пруденциялық реттеу мәселелері жөніндегі басқармада, Дубайдың Қаржы қызметтерін реттеу комитетінде және Катар қаржы орталығының Реттеуші органында жұмыс істеді. Ол қаржылық қызметтер, коммерциялық құқық, банкроттық сияқты салаларындағы заң жобаларын әзірледі. Ол сондай-ақ Сауд Арабиясының Валюта агенттігінің, Уганда Банкінің және Нигерия қор биржасының шақыруымен аралас тақырыптар бойынша таныстырылымдар мен тренингтер өткізді.

Дэвид АХҚО Қаржы қызметтері бойынша актілерін қоса алғанда АХҚО-ны құруға қажетті қаржылық реттеу жөніндегі актілер мен қағидаларды дайындау бойынша жобаның жетекші әзірлеушісі болды.



ФИЛИП БАРДЕН
ҚКК мүшесі (2017),
Devonshires серіктесі

Филип АХҚО құқықтық консультативтік кеңесінің құрылуынан бастап, 2017 жылдың желтоқсанына дейін мүшесі болды.

Сараптама саласы

Филип – Devonshires Solicitors компаниясының серіктесі. Ол сот ісіндегі жоғары білікті заңгер. Филип көптеген клиенттерін Ұлыбритания мен халықаралық деңгейде күрделі даулар кезінде сәтті сүйемелдей білді. Шешімдерді табу қасиетінің арқасында басқару мәселелерін тікелей шешу үшін компанияның әртүрлі кеңестеріне тағайындалып отырды.

Оның жұмысының негізгі тәжірибесі сот процестері және корпоративтік құқық болып табылады, ал оның клиенттерінің қатарында компаниялар, мемлекеттік органдар, әскерилер, реттеуші органдар мен жеке тұлғалар бар.

Филип жыл медиаторы болды және медиация, төрелік, сот талқылауы және сараптаманы қоса алғанда дауларды шешудің барлық түрлерін қолданады.

2. ҚКК мүшелерімен сұхбат: сахна сыртындағы тұлғалар



Майкл Блэр

АХҚО Құқықтық консультативтік кеңестің Төрағасы

С: Құқықтық консультативтік кеңестің Төрағасы ретіндегі Сіздің қызметіңіз немен байланысты?

Бір жағынан, бұл ұйымдастырушылық мәселелер, ал екінші жағынан тікелей консалтинг және Құқықтық консультативтік кеңестің (бұдан әрі – Құқықтық кеңес) қарауына енгізілетін мәселелер бойынша ұсыныстар жасау.

Менің міндетім – қарауға енгізілген кез келген мәселені Құқықтық кеңес мүшелерінен бірінше болып қарау. Бұл басқа мүшелерге өзім айтқан мәселелермен танысуға және оларды шешу бойынша өз ұсыныстарын ұсынуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мен Құқықтық кеңестің басқа мүшелерінің ұсыныстарына қатысты өз ұстанымды білдіремін және ресми отырыстардан басқа қарастыруға қосымша уақыт талап етілетін мәселелерді талқылауға арналған бейресми кездесулерге төрағалық етемін.

С: Құқықтық кеңестің қызметіне Төраға қандай үлес пен құндылық қосады?

Мен Дубай халықаралық қаржы орталығында алғаш рет имплементацияланған коммерциялық

құқықтық жүйені әзірлеуге және сол жерде қаржылық реттеушіні құруға тартылған жетекші заңгерлердің бірі болдым.

1987-2000 жылдар аралығында мен қаржылық реттеудің британдық жүйесінде, атап айтқанда қаржылық қызметтерді реттеуді әзірлеу және реформалау саласында жұмыс істедім. Бұдан басқа, Ұлыбританияның қаржылық қызметтері реттеуді әзірлеу және реформалау мәселесі бойынша екі жетекші британдық оқулықтардың редакторы, редактор-консультантымын.

1971-1982 жылдар аралығында Ұлыбританияның коммерциялық құқығы реформасын әзірлеу және іске асырумен айналыстым.

Мен өзімнің қаржылық және коммерциялық құқық саласындағы нормашығармашылықтың бүкіл бірегей тәжірибемді АХҚО-ны іске қосуға қажетті АХҚО актілерін әзірлеу процесінде қолдануға тырыстым.

С: Құқықтық кеңесте төрағалық етудің Сіздің бұрынғы тәжірибеңізбен салыстырғанда қандай да бір бірегей ерекшеліктерді атап көрсете аласыз ба?

Мен Құқықтық кеңестің төрағасы ретінде екі айрықша ерекшелікті атап көрсетер едім.

Біріншіден, Құқықтық кеңестің бұрын күтілгендей басқа халықаралық қаржы орталықтарының прецеденттеріне барынша сүйену мүмкіндігі жоқ. Сәл ертерек ашылып, жұмыс істеп жатқан қаржы орталықтары (Гонконг, Сингапур, Британдық Норманд аралдары, Дублин және т.б.) өздерінің дербес коммерциялық және қаржылық құқықтарымен мемлекет ішінде жеке юрисдикциялар ретінде дами алмады. Олар мемлекеттің заңдарын (немесе Гонконгтың жағдайында – Қытайға оралуы бойынша тұтастай Гонконгта сақталып қалған жалпы құқықтық жүйені) қолданатын қаржы орталықтары ретінде танылды.

Жас қаржы орталықтары (Дубай, Катар және Әбу-Даби) өздерінің дербес соттары және т.б. бар реттеудің жаңа құрылымымен қатар арнайы коммерциялық және қаржылық құқықтық жүйені әзірледі. Дегенмен, аталған қаржы орталықтарының ешқайсы да халықаралық коммерциялық құқық пен құқықтық сараптама бойынша сыртқы консультативтік кеңес құрған жоқ. Бұл дегеніміз, АХҚО жанынан сыртқы консультативтік кеңес құру – халықаралық практикадағы теңдессіз тәжірибе.

Екіншіден, АХҚО тұжырымдамасы менің рөлімді айқындайтын тағы да бір бірегей ерекшелік болып табылады. АХҚО-ның айтарлықтай үлкен географиялық шекарасы бар, заң тұрғысынан АХҚО өзінің құқықтық базасы бар Қазақстан шегіндегі аумақ болып саналады. Бұл ретте, Конституциядан бастау алатын АХҚО-ның нормативтік базасы «қатаң шекараларға» негізделмеген, бұл АХҚО актілерінің оның аумағындағының барлығына және одан тыс жерлерде ешкімге қолданылмайды дегенді білдірер еді. Сондай-ақ АХҚО-ның құқығы «дербес юрисдикцияға» ғана негізделмеген, бұл АХҚО-ның құқықтық базасы тек қана белгілі бір клубтың (ұйымның) мүшелеріне ғана қолданылады дегенді білдірер еді.

АХҚО-ның құқықтық базасы екі тәсілді де: «қатаң шекаралар» және «дербес юрисдикция» қамтиды. АХҚО-ның құқықтық базасы АХҚО-да орналасқан және қызметтер көрсететін «АХҚО қатысушыларына» қатысты қолданылады, бірақ «АХҚО қатысушылары» АХҚО-ның шекарасымен шектеліп қалмайды. Олар тұтастай алғанда Қазақстанның бүкіл аумағында жұмыс істей алады.

Бұдан басқа, АХҚО-ның нақты аумағы шекті әрі міндетті болып саналмайды. АХҚО аясында жұмыс істейтін коммерциялық кәсіпорындар «АХҚО қатысушылары» болмауы да мүмкін және олар банктік және өзге де қаржы қызметтерін АХҚО мүлдем болмаған жағдайдағыдай АХҚО шегіндегі көрсете алады.

Осылайша, егер Шариғат заңдары «дербес юрисдикция» ретінде қолданылатын Дубай халықаралық қаржы орталығы құқықтық «анклав» болса, онда АХҚО аумаққа және «дербес юрисдикцияға» да бекітілуді ұштастырады. АХҚО-ның арнайы құқықтық жүйесі АХҚО-да тіркеліп, белгілі бір қызметтер көрсетуі тиіс «АХҚО қатысушыларына» қолданылады. Өз кезегінде, «АХҚО қатысушысы» ретінде тіркелмеген тұлғалар АХҚО-да қызметін жүргізе алады, оларға қолданылатын құқық Қазақстан заңнамасы болып саналады.

АХҚО-ның бірегей құқықтық жүйесі өзінің бар қабілеті мен мүмкіндігін жақын уақытта көрсетеді. Өз кезегінде, мен және Құқықтық кеңесің мүшелері АХҚО құқықтық құрылымына талдау жүргіздік және ол өнімді жұмыс істейді деп үміттенеміз.

С: Құқықтық кеңестің құрамын қалай сипаттар едіңіз?

Құқықтық кеңестің құрамы тыңғылықты іріктелді. Құқықтық кеңестің мүшелері Лондондық ситидің жоғары білікті заңгерлері болып табылады, олар бүкіл әлем мен Қазақстандағы коммерциялық құқық пен іскери байланыстар саласында айрықша тәжірибеге ие. Сондай-ақ Құқықтық кеңес мүшелерінің қаржылық реттеу мен сот

практикасы саласында тәжірибелерінің болуы аса маңызды.

С: Құқықтық кеңес мүшелеріне қандай талаптар қойылады?

Мүшелердің қажетті практикалық тәжірибеден (алдыңғы сұрақта атылғандай) басқа жақсы түсініктерінің болғаны, АХҚО мақсаттарын жалпы көре білгені және осы мақсаттарға қол жеткізу үшін уақыт пен күш-жігер бөлуге дайын болғаны маңызды.

С: 2017 жылы қандай негізгі сын-міндеттер болды?

Ең басты сын-міндет талдануы және бағалануы тиіс материалдың зор көлемі болды. Қаралатын жобалардың сипаты шарт және еңбек құқығынан бастап, сот және төрелік рәсімдері қағидаларына дейінгі аралықты қамтыды. Сонымен қатар, корпоративтік құқық, серіктестіктердің алуан түрлері, банкроттық, жеке меншік, кепілдік құқық және міндеттемелер (деликт) сияқты құқықтың басқа да салаларын қарауға тура келді. Мысалы, дербес деректерді қорғау, неттинг және түпкілікті есептеулердің төлем жүйелері сияқты назар аударуды талап еткен коммерциялық құқықтың таза техникалық, бірақ аса маңызды қырлары да болды. АХҚО қаржылық қызметтер мен қаржылық реттеу жөніндегі актіде бекітілген қаржылық реттеудің негізгі жүйелері талданды. Бұның барлығы бір жыл үшін аса қиын міндет болды.

Қарауға бөлінген қысқа мерзім нағыз сын-міндет болды, бұл АХҚО-ның заңгерлеріне, тартылған сыртқы сарапшыға, Құқықтық кеңестің қызметін сүйемелдеген қызметкерлерге және Құқықтық кеңес мүшелерінің өздеріне ауыр қысым жасалды. Мен жақсы көңілмен осы жанкешті еңбекке қатысқан және жұмыстың нәтижесіне ұмтылуға тырысқан жандардың барлығына алғысымды білдіремін.

7. С. Құқықтың кеңестің 2017 жылы қол жеткізген қай жетістігін аса маңызды деп атап өте аласыз?

Құқықтық кеңес жалпы құқықтық базаны қалыптастырған АХҚО актілерінің жобаларын және 2018 жылғы 1 қаңтардан АХҚО-ның операциялық қызметін бастауға қажетті қаржылық реттеудің жалпы мәселелерін уақытылы қарады.

Бұл осы міндетті орындауға берілген қысқа уақыт кезеңін ескерсек, елеулі жетістік. Мұндай қысқа мерзімде әр ай сайын, кейді одан да жиі болған 10 отырыс өткізілді. Жалпы, 2017 жылы Құқықтық кеңес арқылы АХҚО-ның 30-дан астам актілері мен қағидалары мақұлданды.

Мен тағы бір маңызды жетістікті атап өткім келеді – бұл АХҚО заңгерлерінің, тартылған сыртқы сарапшының Құқықтық кеңес қарау үшін АХҚО актілері жобаларын әзірлеуге, сондай-ақ Құқықтық кеңес қызметін сүйемелдеуге қатысқан адамдардың қосқан үлесі. Маған АХҚО актілері жобаларын әзірлеушілер жалпы жұмыстың 95%-ын өздеріне алып, ал Құқықтық кеңестің мүшелері қалған 5%-ын қосқандай болып көрінеді. Тұтастай алғанда, Құқықтық кеңеске қарауға ұсынылған 30 акті жобасының 95%-ға жуығы ешқандай ескертулер мен ұсыныстарсыз қабылданды. Сонымен бірге, Құқықтық кеңес жобаларға ұсыныстар білдірсе, олардың 95%-ы қабылданды. Бұл цифрлар актілер жобаларын әзірлеуге қатысқан адамдардың бір бірлеріне деген сенімін ашық көрсетеді. Осы үшін мен жұмысқа қатысқандардың барлығына алғыс айтамын.

С: Сіз 2018 жылы Құқықтық консультативтік кеңес мүшелерінен нені күтесіз?

2018 жылы күтілетін жұмыстың көлемі өткен жылмен салыстырғанда біршама аз, дегенмен, отырыстар әр айға жоспарланған. Конституциялық заңға АХҚО-ны одан әрі дамыту мақсатында өткенде қабылданған түзетулер, сондай-ақ

қаржы орталығының қалыптасуы кезеңінде туындайтын бірқатар мәселелер қаралды. Мен сондай-ақ, Құқықтық кеңес 2017 жылы қаралған актілерге түзетулер енгізу мәселелерін қарайды деп күтемін. Бұл актілерді одан әрі жетілдірудің нақты

мүмкіндіктерімен байланысты. Өткен жылдан қалған біраз мәселелер де бар. Мысалы, басқа қаржы орталықтарындағы тиісті прецедент жаңартылған әлемдік стандарттармен сәйкестендіруді талап етеді.

2018 жылғы 25 ақпандағы сұхбат

Фрэнсис Фитцжерберт-Брокхоулз

Құқықтық консультативтік кеңестің мүшесі

Астана, 2017 жылғы тамыз



Мен қаржы орталығы жұмыс істейтін құқық жүйесін енгізу бойынша жобаға көмектескеніме өте қуаныштымын. Қазір орындалатын бірлескен жұмыс осында қалыптасып жатқан табысты кәсіпорын құратын мықты құрылымға айналады деп ойлаймын. Бұл өте өршіл жоба, меніңше, ол сәтті жүзеге асып жатыр. Өз басым, біз бүкіл АХҚО жұмыс істей алатын жақсы Жалпы қолданыстағы актілер жасалатына сенім

Мен АХҚО ақылға қонымды және оның тәжірибесін басқалар да игеруге болатын инновациялардың бір мысалы деп ойлаймын. Орталық Азияда көп қаржы орталықтарының болуының қажеттілігі жоқ екені белгілі, біз Дубайда ғана құрылған орталықтың табысты екенін көріп отырмыз, сондықтан мен АХҚО-ның осы өңірде табысты болмауының себептерін көріп тұрған жоқпын.



білдіремін және АХҚО-ның ашылуын тағатсыздана күтемін. Актілерге қатысты көптеген ұсыныстар бар және біз қазір дамытып жатқанымыз өте мықты қаңқа, оның негізінде барлығы да жақсы жұмыс істейді деп ойлаймын.

ҚКК отырысы процесі
Астана, 2017 жылғы тамыз

АХҚО-ның инновацияларға қадам жасауы

АХҚО-ның Жалпы қолданылатын актілері және жалпы құқық

АХҚО-ның Жалпы қолданылатын актілері Дубайдың моделіне өте жақын. Кейбір өзгерістер оны барынша ерекшелендіргендігі сөзсіз. Актілер мен цифрлар ұсынылды, оларға түсініктемелер берілді және шамалы өзгерістермен ұсыныстар жасады.

Мен ағылшын тіліндегі жалпы құқық моделін пайдаланудың артықшылықтарының бірі ол бүкіл процесті дамыта алады деп ойлаймын, өйткені судьялар АХҚО мүшелері арасындағы дауларды шешеді. Осылайша, олар өз шешімдерін қабылдайды, басқалары олардың шешімдеріне сүйенеді, ал сіздер бүкіл құрылымның бөлігі болып саналатын Жалпы қолданылатын актілерге ие боласыздар, бірақ кейбір актілер уақыт өте келе өзгереді.

АХҚО-ның бірегей мүмкіндіктері

Құқықты өзгерту немесе әзірлеу құқығына ие АХҚО туралы Конституциялық заң шығарылды және мен негізгі ой біздің қашанда нарық қатысушыларына қатысты нәрселердің барлығын көрсету үшін нарық қатысушыларының сұраныстарына дер кезінде ден қойып отыруымыз керектігінде деп білемін.

Дербес, жеке және тәуелсіз сот жүйесі аса тартымды, бұл мемлекеттің ішіндегі мемлекет сияқты. Нарық қатысушылары АХҚО судьялары шығаратын кесімдер мен шешімдер тәуелсіз, құқыққа негізделгеніне және олар тап болуы мүмкін АХҚО мен құқықтық шеңберден тыс ештеңеге байланысты емес екеніне сенімді болады.

АХҚО-да болатын институттардың бірі – дауларды шешуге арналған Төрелік орталығы және мен АХҚО Халықаралық төрелік орталығы тек қана АХҚО мүшелері арасындағы даулармен ғана шектеліп қалмайды деп ойлаймын. АХҚО-да өздерінің дауларын төрелік арқылы реттеу үшін АХҚО-ға жүгінетін адамдарға құқықтық негізді қамтамасыз ететін төрелік жұмыс істейтін болады. Төрелік процесін АХҚО соты бақылайтындығы белгілі және олар, ең алдымен, бүкіл процестің әділдігін және қағидаларға сүйенуді қамтамасыз етеді. Мен Лондон немесе Париж сияқты төрелік орталықтарындағыдай адамдар өз дауларын шешу үшін бұл орынды форум ретінде пайдалану үшін Астанаға келетін болады деп ойлаймын.



Эндрю Олдлэнд

АХҚО Консультативтік кеңестің мүшесі

Құқықтық консультативтік кеңестің (ҚКК) рөлі

Құқықтық консультативтік кеңестің рөлі актілердің елеулі, маңызды бөліктері бойынша жоғары деңгейде консультациялар берумен және олар АХҚО-да түпкілікті қабылданған соң олардың сақталуын қамтамасыз етумен байланысты. Озық әлемдік тәжірибенің көрсетілуі және актілерге қатысты ең қызықты тұсы – оның АХҚО үшін бірқатар басты артықшылықтары бар ағылшын жалпы құқығына негізделуінде.

Ағылшын жалпы құқығының негізгі артықшылықтары

Осы артықшылықтардың алғашқысы оның икемділігінде, ол толықтай жоққа шығарылмайды, жекелей алғанда, сөз қаржы технологиялары саласындағы

жетістіктер туралы болған кезде өте маңызды.

Бірақ сондай-ақ, екіншіден, Англияның заң жүйесі, жалпы құқығы бүкіл әлемдегі қаржы институттары кең түсініп, мойындайды. Осылайша, олар ыңғайлы болады, біз құқық өз жұмысын ойдағыдай атқарады деп үміттенеміз және мақсат кез келген жүйе халықаралық практиканы жақсарту алатындығына көз жеткізу.

АХҚО-ның болашағы

Мен үшін болашақтағы ең маңыздысы – бұл АХҚО қатысушылары. АХҚО тиісті түрде жұмыс істеуі үшін сіздер әлемнің әр түпкірі мен өңірінен қатысушыларды тарту мүмкіндігіне ие болуларыңыз керек. Ол үшін ең бастысы – сөзсіз, пайда алу, ақшаны айналысқа салу, осы меншік құқықтарына қатысты заңдың бірімәнділігі, өйткені олар

егер қандай да бір проблема туындаса, олардың меншігі мен меншік құқығын қорғайтын құқықтық жүйе болатындығын нақты біледі. Егер олар құқықтық жүйеге

сенетін болса, олар сенімді түрде келетін болады.

2017 жылғы 23 тамыздағы сұхбат

Рой Пирс

АХҚО Құқықтық консультативтік кеңестің мүшесі



Мен бұл Қазақстанды дамытудағы маңызды қадам деп ойлаймын. Мен Қазақстанда 90-шы жылдардың ортасында жекешелендіру кезінде жұмыс істедім және ағылшын құқығы осы жекешелендіру келісімшарттарының маңызды бөлігі болды. Менің Қазақстанмен байланысым болған барлық 20 жылдың ішінде ол ашық ел болды және инвесторларды оң қабылдады. Мен қазір АХҚО-ны дамыта отырып, Қазақстан өзінің негізгі геосаяси жағдайынан пайда көре алады деп ойлаймын.

Негізінен, бұл Ресей мен Қытайдың орасан зор нарығына қолжетімділік және мен бұл нарықтардың екеуі де ағылшын қаржы орталығының құндылығын мойындады деп білемін. Азияның дәл ортасында орналасқан Қазақстан үшін бұл өте маңызды.

Мен мойындалған қағидалары бар қаржы орталығының болуы халықаралық инвесторларға үлкен сенім береді деп пайымдаймын.

2017 жылғы 23 тамыздағы сұхбат



Саймон Кокс

АХҚО Құқықтық консультативтік кеңестің мүшесі

Бұл біз үшін, біздің фирма үшін АХҚО процесіне жұмылдырылу үлкен құрмет және менің фирмам әлемдегі ең үлкен болып саналады, барлық процес бізді толғандырады. Қағидалар мен Актілерге аударып отырған назарларыңыз халықаралық тәжірибеге сай келетін құқықтық жүйені құруға алып келеді деп үміттенеміз.

Мен көбіміз халықаралық тәжірибені енгізіп жатқан кезде АХҚО алға қарай қадам басып келеді деп ойлаймын. Мен жалпы

құқық құрылымына қатысты процес және нарықтың талаптарына жауап беретін құрылым, нарықтық әзірлемелер шын мәнінде маңызды деп санаймын және АХҚО-да айрықша дарынды адамдар бар деп ойлаймын. Олардың барлығы осы мақсаттарға қол жеткізуге тырысуда.

Сіздер, мысалы, халықаралық тауарлар және сұранысты өзгерту сияқты икемділік жасап жатырсыздар. Сіздер қағидаларды қабылдап, өзгерте аласыздар.

2017 жылғы 23 тамыздағы сұхбат

V. Тартылған сарапшы

АХҚО әкімшілігі әзірлеген актілердің жобаларын, олар ҚКК қарауына ұсынылғанға дейін әкімшілік тартқан сарапшы Джон Лихи қарастырады. Сарапшы Катар қаржы орталығының құқықтық базасын әзірлеуге басшылық етті және оның Австралия жалпы құқығы құқықтық жүйесіндегі заңнамалық салада 40 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.



ДЖОН ЛИХИ

АХҚО әкімшілігі тартқан сарапшы

Заңнамалық актілерді әзірлеуде 40 жылдан астам тәжірибеге ие бола отырып, ол заңға қолжетімділікті жеңілдетуге (соның ішінде нақты жазу арқылы), заңнамалық жүйелер мен шектерді, сондай-ақ заңнамалық тетіктерді әзірлеуге айрықша мүдде танытады.

Бұрынғы тәжірибесі

Джон парламенттік кеңесші кеңесінде (Канберра, Австралия) заңнама мәселелері жөніндегі бас кеңесші, заңнама мәселелері жөніндегі кеңесші және Катар қаржы орталығының Реттеу әкімшілігінің директоры болды, Австралия парламенттік кеңесі кеңселерінде әртүрлі басшылық лауазымдарды (соның ішінде Квинсленд штатының парламенттік кеңесшісі және Австралия астаналық аумағының парламенттік кеңесшісі) атқарды.

**ЕЖЕГОДНЫЙ ОТЧЕТ
ПО ПРАВОВЫМ ВОПРОСАМ МФЦА
ЗА 2017 ГОД**



Содержание

I. Приветственное слово Управляющего МФЦА

Кайрат Келимбетов

II. О Международном финансовом центре «Астана» (МФЦА)

1. Администрация МФЦА
2. Действующее право МФЦА

III. Акты МФЦА Общего Применения

1. Акты МФЦА Общего Применения
2. Краткий обзор некоторых ключевых актов
 - A. Акт МФЦА об актах МФЦА
 - B. Акт МФЦА о Компаниях
 - C. Акт МФЦА о Контрактах
3. Хронология разработки Актов МФЦА Общего Применения

IV. Правовой Консультативный Совет МФЦА (ПКС)

1. Консультанты мирового уровня: биографии
2. Интервью с членами ПКС: “за кулисами”

V. Привлеченный эксперт

Джон Лихи

Приветственное слово Управляющего МФЦА

Приветствую всех наших читателей в первом выпуске Ежегодного отчета по правовым вопросам МФЦА 2017.

На последующих страницах вы ознакомитесь с достижениями МФЦА по правовым вопросам в 2017 году, которые свидетельствуют о глубоких и всеобъемлющих достижениях в нормотворческой деятельности и юридическом сопровождении, осуществляемом Администрацией МФЦА. Достижения 2017 года включают в себя успешное создание Правового Консультативного Совета МФЦА (ПКС), утверждение Модели Актов МФЦА Общего Применения на основе принципов, норм и прецедентов права Англии и Уэльса, а также стандартов лидирующих международных финансовых центров разработка Актов МФЦА Общего Применения. Оно также включает активное участие и оценка актов ведущим привлеченным экспертом Джоном Лихи для обеспечения всесторонней и высококачественной юридической экспертизы.

Наш успех выражается также в напряженной, эффективной работе и отличной квалификации многих команд, таких как Суд МФЦА, Международный арбитражный центр (МАЦ), Правовой Консультативный Совет, которые развили и укрепили правовое положение МФЦА в 2017 году.

Благодарим всех наших авторов за подготовку доклада для наших читателей. Мы надеемся, что все от авторов до рецензентов продолжат оказывать посильную поддержку данному ежегодному отчету.

С уважением,
Кайрат Келимбетов
Управляющий МФЦА



II. О Международном финансовом центре «Астана» (МФЦА)

МФЦА - территория в пределах города Астаны с точно обозначенными границами, определяемыми Президентом Республики Казахстан, в которой действует особый правовой режим в финансовой сфере.

Особый правовой режим представляет собой свободно действующую систему коммерческого права, предназначенную для обеспечения функционирования независимого международного финансового центра. Полномочия на создание этой системы коммерческого права вытекают из Конституции Республики Казахстан и Конституционного закона.

1. Управление МФЦА

Совет по управлению МФЦА

